



6TH FLOOR
CARDINAL PLACE
100 VICTORIA STREET
LONDON SW1E 5JL
Tel: +44 (0) 20 7901 7800

Company registered in England and Wales
Company Number: 5180783

2012 жылғы 8 маусым

ҚАЗАҚМЫС РУСГИДРОМЕН ШАҒЫН ГИДРОЭНЕРГЕТИКА САЛАСЫНДАҒЫ КЕЛІСІМГЕ ҚОЛ ҚОЙДЫ

7 маусым күні, Астанада, РФ Президенті В.В. Путиннің Қазақстан Республикасына ресми сапары аясында Қазақмыс Тобы мен ресейлік «РусГидро» ААҚ-ның арасында шағын гидроэнергетика саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды. Құжатқа Қазақмыс Тобының Басқарушы бас директоры Олег Новачук және «РусГидро» ААҚ-ның Басқарма төрағасы Евгений Дод қол қойды.

Келісімде Қазақстан аумағында жалпы қуаттылығы 300 МВт болатын шағын гидрогенерация нысандарын салу үшін бірлескен кәсіпорын ашу көзделіп отыр. Келісімге қол қойылмастан бұрын Қазақстанның шағын өзендерінің гидропәрменін зерттеу бойынша Алматы облысы әкімдігінің қолдауымен жұмыс атқарылған болатын. Нәтижесінде, шағын ГЭС құрылыстары үшін сай қолайлы алаңдар анықталды. Бастапқы кезеңде Қазақмыс пен РусГидро жалпы қуаттылығы шамамен 108 МВт-қа жететін жеті шағын ГЭС-терді Алматы облысының аумағында салу мүмкіндігін пысықтап алуға ниетті болып отыр. Келешекте шағын гидроэнергетиканың қосымша нысандарын салу әрі шағын ГЭС-тердің жалпы қуаттылығын 300 МВт-қа жеткізу мәселелері зерделенетін болады.

Тараптардың БК-дағы қатысу үлестері қосымша мәлімделетін болады. Бұдан кейінгі орын алатын шарттастықтардың барлығы Қазақмыс Тобы мен «РусГидро» ААҚ-ның ішкі келісім жасау рәсімдеріне жатқызылады. Тараптар, бұл жоба тиісінше тартылған капиталдың есебінен іске асырылады деп пайымдап отыр.

«Қол қойылған келісім Кеден одағының аясында болып жатқан өзара тиімді интеграциялық процестердің логикалық жалғасы болып табылады. Біздің елдеріміз өз компанияларының капиталдары, білімдері мен тәжірибелері ортақ экономикалық кеңістікте барынша тиімдірек қызмет ете алуы үшін барлығын жасамақ. Кеден одағына қатысушы елдер үшін бұл өзара тауар айналымның артуы түрінде, ал РусГидро мен Қазақмыс үшін бүгінгі күні бастау алған жобаға салынар инвестицияның тиімділігін әрі бизнестің қарқынды ұлғаюын білдіреді», - деп атап өтті «РусГидро» ААҚ-ның Басқарма төрағасы Евгений Дод

«Қазақмыс Тобы бүгінгі келісімге қол қоюымен өзіне алғаш танылып отырған жасыл энергетика саласындағы қызметін кеңейтіп отыр. Келешегі зор шағын гидроэнергетиканың сегментіндегі бұл жоба өзара тиімді де қолайлы жағдайлар жасау жөніндегі біздің елдеріміздің басшылығының таппыныстарынсыз мүмкін болмаған болар еді», - деп түсініктеді Қазақмыс Тобының Басқарушы бас директоры Олег Новачук.

Қосымша ақпарат алу үшін мына телефондар арқылы хабарласыңыз:

Қазақмыс

Джон Смэлт	Корпоративтік байланыстар бөлімінің басшысы	Тел: +44 20 7901 7882 Тел: +44 78 7964 2675
Ирина Третьякова	Қаржы талдаушысы	Тел: +44 20 7901 7814
Мақсұт Жапабаев	Алматыдағы Корпоративтік байланыстар Департаментінің басшысы	Тел: +7 727 3304 556
Бақыт Мұқанова	Корпоративтік байланыстар Департаментінің менеджері	Тел: +77273304 552

Мерлин

Дэвид Саймонсон	Тел: +44 20 7726 8400
Мария Бабкина	Тел: +44 20 7726 8400

РЕДАКТОРЛАРҒА АРНАЛҒАН ЕСКЕРТПЕЛЕР

Қазақмыс мыс, алтын, мырыш, күміс, электр энергиясын өндіруде елеулі активтері бар, табиғи ресурстарды өндіру және өңдеу жөніндегі жетекші халықаралық компания болып табылады.

Қазақмыс Қазақстандағы ең ірі мыс өндіруші әрі 17 кенішке, 10 тау-кен фабрикаларына және екі мыс балқытушы өндірістік кешенге ие болып отырған әлемдегі алда келе жатқан мыс өндіруші болып табылады. Тау-кен өндірісі руда өндіруден бастап мыс катанкасын және катодты мыс түріндегі дайын өнім шығаруға дейін толықтай интеграцияланған. 2011 жылы меншікті рудадан 299 мың тонна катодты теңгерімдегі мыс өндіріліп шығарылды. Бұл өндіріс электр энергиясының ішкі жеткізілімдерімен және ауқымды теміржол инфрақұрылымымен сүйемелденіп тұрады.

«Kazakhmys Mining» бөлімшесі басқа да металлдардың ауқымды көлемін, соның ішінде мырыш, күміс және алтын өндіріп отыр. 2011 жылы Қазақмыс 140 мың тонна мырыш концентратын өндіріп шығарды. Топ әлемде ең ірі деген он күміс өндірушінің бірі боп табылады. (2011 жылы 13 млн. унция күміс өндірді).

«Kazakhmys Power» ағымды өндірістік қуаттылығы 2500 МВт болып отырған, 4000 МВт құрайтын жобалық қуаттылығына жеткізу үшін модернизациялау бағдарламасын жүзеге асырып отырған Қазақстандағы ең ірі деген Екібастұз ГРЭС-1 көмір электр станциясының 50 пайыздық қатысу үлесіне ие. «Kazakhmys Power» бөлімшесінде «Kazakhmys Mining» бөлімшесін электр энергиясымен қамтамасыз етіп отыратын электр станциялары мен қосалқы көмір кеніштері бар.

Қазақмыс Тобы Лондон қор биржасында және Гонконг қор биржасында айналымға қабілетті FTSE-100 компаниялар тізіміне кіреді; сондай-ақ Қазақстан және Гонгконг қор биржаларында да саудаланып келеді. 2011 жылы EBITDA (ерекше баптарды қоспағанда) көрсеткіші 2,925 млн. АҚШ долларды құрағанда, Топ өнімдерінің өткізілу көлемі 3,563 млн. АҚШ доллары болған. Топта шамамен 60 000 адам жұмыс істейді, яғни басым көпшілігі қазақстандық азаматтар. Қазақмыстың стратегиялық мақсаты – өндірістік активтерді оңтайландыру, өндірісті ұлғайту жөніндегі жобаларды іске асыру және де Орталық Азиядағы ауқымды табиғи ресурстарды игеру мүмкіншіліктерін кеңейтуге қатысу.